

Құлан Алдабергенұлы

Құлан Алдабергенұлы ([1861](#), қазіргі [Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Ақтөбе ауылы](#) – [1934](#), сонда) – [ақын](#). Бала кезінен батырлық қисса-дастандарды жатқа айтып, ел арасына ерте танылған. Өлең шығарып, ауыл адамдарының оғаш мінез-құлықтарын мінеп, сүйіспеншілік, достық, ынтымақ тақырыптарына қалам тарта бастайды, өз замандастарымен айтысып, бақ сынайды.

Құланның [Шегіп](#), [Перне](#) қыздармен айтыстары сақталған. Ақын бертін келе ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік тақырыбына шығарған өткір өлеңдерімен танылды. Құланның “Достық”, “Әйелдер бар әр түрлі”, “Бұл дүниеде не ғаріп?”, “Аузымда өлең деген алмасым бар”, “Адам боп дүниеге жаралған соң”, т. б. толғау жырларынан өмір мен адамшылықтың мәні туралы философиялық ой-түйіндері айқын аңғарылады. Ақынның үш мың жолдан астам жыр шумақтары Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы.

ҚҰЛАН АҚЫН ҚАЙТА ТІРІЛДІ

Құлан Алдабергенұлы.

«Атандым атым – Құлан, қасқа кедей,

Тым жүйрік болды менде тіл мен көмей.

Халқыма жақсы сөзді айтқаннан соң,


Деген жоқ, айналайын, халқым өгей»... Бертінде 1934 жылы дүниеден өтсе де, кезінде халқы «өгей санамаса да», жылдар жылжыған сайын ұмытылып бара жатқан Сыр сүлейлерінің бірі Құлан Алдабергенов екені, өкінішке орай, рас болатын. Ауыз әдебиетінің де, жазба әдебиетінің де өкілі болып саналатын бізге белгілі санаулы ақындардың бірі осы Құлан еді. Оқыған-тоқыған, көзі ашық деген біздердің өзіміз жоғары оқу орнында оқып жүргенде, ол туралы болмашы ғана мәлімет алғанбыз. Бізге жеткен бар мәлімет сол ғана болар деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, олай емес екен, кейіннен баспасөз беттерінен оқтатекте Құлан Алдабергенов туралы зерттеу мақалалар мен өзіміз білмейтін өлең-жырларын көріп қалып жүрдік. Тиіп-қашып оқып жүргеніміздің өзі оның ойға жүйрік, тілге шешен көркемсөздің ұстасы, ұмытылып бара жатқан Сыр сүлейлерінің бірі екендігін аңғартушы еді. Өзіміз ғылыми-зерттеу жолына арнайы түспеген соң, сол ізді нәсіп еткен ғалым-зерттеушілерге үлкен үміт артып жүрдік. Бұл менің ғана емес, Құлан ақынның мұраларынан хабары бар талай көптің ойы еді десем, артық айтқандыққа жатпайды.



Жалғасы:



- «Өткір сөз наркескендей қынаптағы,
- Айтпауға ішті кернеп шыдатпады.
- Ішіме біткен қайнап өнерім бар,
- Таусылмас аққан судай бұлақтағы.
- Өнердің іште жатқан керегі не?
- Сендерге көрсетпесем сынатқалы» Топтан озып суырылып тұрғаны оның осындай әрбір өлең-жырынан анық байқалып тұрады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Шөмішбай Сариев «Аузымда өлең деген алмасым бар» (Қызылорда, «Тұмар», 2011) деген зерттеу еңбегінде: «Қаратау мен Сыр бойын жайлап жатқан халық, бүкіл қазақ жұрты мақтаныш еткен сөз сүлейі Құллан Алдабергенұлының туғанына 130 жыл толуын 1991 жылдың шілдесінде Жаңақорған орталығында атап өткен екен. Міне, содан бері жиырма жыл өтіпті. Енді ақынның 150 жылдығы келді. Бұл құландай жүйрік Құллан ақынның ерекше тойы болмақ.
- Әділет үшін күрескен, дәуірінің біртуар ақыны Құллан ақынды әлі де зерттеп, мұраларын толықтыра түсу келер күндердің міндеті. Ел үшін, жер үшін, елдік абыройымыз үшін Құллан сияқты ақындарымызды құрметтеу, қастерлеу бүгінгі ұрпақтың парызы», – деп жазыпты. Осы үстіміздегі жылы «Арна-Б» баспасынан шыққан Құллан Алдабергеновтің «Асылмын әлі күнге танылмаған» атты кітабын сол парызды өтеу жолында жасалған бір қадам деуге болады.



- «Күні бүгінге дейінгі деректердің ешбірінде Құлан ақынның «халпе» деген діни атақ-дәрежесі тілге тиек етілмеді. Халпе атағынан біз оның софылық болмысына қатысты көп жайттың анығын аңғара түсеміз» деп жазыпты кітаптағы алғы сөз ретінде берілген «Жасындай жанып өткен ақын...» деген ғылыми зерттеу еңбегінде белгілі ғалым, фольклортанушы Берік Жүсіпов. Айтса, айтқандай-ақ, кітапты оқып отырғанда да, Құлан ақынның қырлары мен сырларының әлі де көп екеніне көзіңіз жете түседі.
- Осы күнге дейін Құлан Алдабергенұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеу жұмыстарымен тікелей айналысқан ғалым-зерттеушілердің жоқ екендігі кітапта да жақсы айтылған. Сауап үшін іс жасаған санаулы ғана зиялының есімдерін саусақпен санап отырып айтып беруге болады.
- 1965 жылы Құлан ақынның өлеңтермелерін алғаш рет Әдебиет және өнер институтының мұрағатына тапсырған Тынымбай Нұрмағамбетов екен. Қазір елге белгілі көрнекті қаламгер ол кезде Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының 1-курс студенті болатын. Ал, бүкіл саналы ғұмырында ел-жер аралап жүріп, «бір өзі бір театр» атанған атақты айтыс ақыны Манап Көкенов Құлан ақынның мұраларын жинаумен айналысқан. Алайда, ол бұл жиған-тергенін институт қорына 1974 жылы тапсырыпты. Мұнан басқа, Қайыпназар Әйтпенев, Есіркеп Қоңқабаевтар да Құлан ақынның мұраларын жинаумен айналысқан. Осылардың бәрінің басын қосып, артық-кемін ретке келтіріп, Құлан Алдабергенұлының өлең-жырларын жөке кітап етіп

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**

